

## ■ Мемлекеттік қызмет

**АРХИВ ЖҰМЫСЫНЫҢ  
НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

*Аталған мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 159 бұйрығымен бекітілген архив ісі саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету ережесіне сәйкес көрсетіледі.*

Жалпы ұғымдарға тоқтала кетсек

- 1) Архивтік анықтама дегеніміз – ұйымның хат бланкісінде жасалған, жеке және заңды тұлғаларға қажетті ақпаратты жасауға негіз болған архивтік құжаттардың сақтау бірліктерінің архивтік шифрлері мен парақ нөмірлері көрсетілген осы ақпаратты қамтитын, заңды (түпнұсқа) күші бар құжат;
- 2) архивтік көшірме – бұл архивтік шифр және сақтау бірлігі парақтарының нөмірлері көрсетілген, ресімделген, архивтік құжаттағы мәтінді сөзбе-сөз көрсететін көшірме;
- 3) архивтік үзінді – архивтің хат бланкісінде жасалған, архивтік құжат мәтінінің белгілі бір фактіге, оқиғаға, адамға қатысты бөлігін сөзбе-сөз көрсететін сақтау бірліктерінің архивтік шифрі мен парақтар саны көрсетілген құжат;

Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметі әлеуметтік – құқықтық сипаттағы жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі. Әлеуметтік – құқықтық сипаттағы анықтамаларға жұмыс өтілің, жалақы мөлшерін, жасың, отбасының құрамың, білімің, марапатталғаның, зейнетақы жарналары мен әлеуметтік төлемдердің аударылуын және сәйкестендіру құжаттары жөніндегі мәліметтерді растау жатады. Жеке және заңды тұлғаларға яғни көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін аталған қағиданың 1 – қосымшасында көрсетілген нысан бойынша, өтінішпен көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне яғни мемлекеттік архивке, халыққа қызмет көрсету орталықтарында немесе «электрондық үкімет» порталына жүгінеді. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне құжаттар топтамасын толық ұсынған жағдайда, оның көшірмесіне кеңсе қызметкерінің қабылданғаны туралы белгі қойылады, портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі. Мемлекеттік корпорация арқылы жеке басың қуаландыратын құжат және заңды тұлға үшін – өкілеттігін растайтын құжат, жеке тұлға үшін – нотариалды қуаландырылған сенімхаттан тұратын құжаттар топтамасын береді. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі 11 жұмыс күні ішінде беріледі. Мемлекеттік сақтауда құжаттар (мәліметтер) болмаған жағдайда 2 (екі) жұмыс күні ішінде қызмет алушыға сұратылған құжаттардың (мәліметтердің) сақтауда жоқ екендігі туралы хабарлама дайындайды.

Аталған мемлекеттік қызмет бойынша Целиноград ауданы архивімен көп деген жұмыстар атқарылып жатыр. Олардың бірі архив ғимаратында әр аптаның сәрсенбі күндері «Архив кеңсе береді» «Ашық күндер есігі» атты науқандар өткізіледі. «Архивтік анықтамаларды, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді беру» мемлекеттік қызметін алу тәртіптері көрсетілген буклеттері әзірленіп қоғамдық орындарда және науқан өткізу кезінде қызмет алушыларға таратылады. Және де Целиноград ауданының веб порталында мемлекеттік қызметтер тармағында қажетті ақпараттар жанартылып отырады.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы жылдан жылға қарқынды дамып келеді. Мысалға алатын болсақ Целиноград ауданының мемлекеттік архивімен 2020 жылдың 1 жартыжылдығында электронды үкімет порталы арқылы 295 сұраныс орындалса 2021 жылдың 1 жартыжылдығында 433 сұраныс орындалды. Осы екі аралықты салыстыратын болсақ 68% -ға өскенін байқауға болады.

Қазіргі таңда Целиноград ауданының ғимаратында өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы ашылған. Аталған бұрыш қызмет алуға қажетті жабықтармен қамтамасыз етілген, стендтерде толық нормативтік – құқықтық ақпарат орналастырған. Е.мобайл баннері орнатылған. Кез келген азамат электронды цифрлы қолтаңбасымен немесе бір жолғы жасырын сөздің көмегімен электронды үкімет порталы арқылы сұранымдар жібере алады. Қызмет алушылардың басым көпшілігі зейнет жасындағы азаматтар болғандықтан көп жағдайда архив қызметкерлері көмек көрсетеді.

Әлеуметтік-құқықтық сипаттағы мемлекеттік қызметін ұсыну ағымдағы жылдың алты айында 542 сұранымды оның ішінде почта арқылы 61, ХҚКО арқылы 28 өтінішті, электрондық үкімет порталы арқылы 433 өтінішті құрады, осы кезеңде белгіленген мерзімдерді бұза отырып көрсетілген мемлекеттік қызмет болған жоқ.

Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышының ашуына байланысты Целиноград ауданының мемлекеттік архиві «Ашық» бағдарламасының қатысушысы болып тіркеліп барлық санитарлық нормаларға сәйкес жұмыс атқаруда.

**Мақпал ӘЛЖАНОВА,**  
архив қызметкері.

Ақмол.